

## **Әдістемелік кеңес ХАТТАМАСЫ №5**

**Өткізілген уақыты:** 29 қаңтар 2024 жыл

**Қатысқандар:** барлық педагогтер

**Тақырыбы:** «Ата-аналармен өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларын, әдістері мен әдістерін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды отаншылдыққа және өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу»

### **Күн тәртібі:**

1. №4 әдістемелік кеңесте каралған шешімдердің орындалуы.
2. Білім беру процесінде денсаулық сақтау технологиялары жүйесі негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыру" баяндамасы.
3. "Отанға деген сүйіспеншілік пен отбасы мен қарымқатынас негізінде баланы тәрбиелеудегі балабақша мен отбасының өзара әрекеті"

### **Тыңдалды:**

1. Әдіскер Хуат С. №4 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің толық орындалып жатқанын атап өтті. Педагогтер ұлттық ойындарды күнделікті күн тәртібінде қолданып жүр. Балаларға арналған денсаулық сауықтыру бұрышы барлық топтарда бар екенінде атап өтті. Балалардың жас ерекшеліктерін сай ойындар да жоспарға сай орындалып жатыр.
2. Баяндамашы Христич М.В. мен Ридунова Т.М. салауатты өмір салтының мектепке дейінгі жастағы балаларға берер әсерін жан-жақты талдап, білім беру процесінде денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолданудың жолдарын ұсынды.
3. Женбаева Г.Д. мен Утембаева Н.А. патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы, әсіресе отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланыстың рөлі кеңінен ашылатындығын айтып өтті.

### **Шешім:**

Тәрбиешілер күнделікті жұмыс барысында денсаулық сақтау технологияларын тиімді пайдалануды жалғастырсын;

Тәрбиешілер патриоттық тәрбиеге арналған іс-шараларды ата-аналармен бірлесе ұйымдастырсын

Баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мақсатында отбасы құндылықтарына бағытталған тапсырмалар мен челленджер ұйымдастырылсын

Барлық топ жетекшілері оқу жылына арналған жоспарларын қайта қарап, жаңартсын;



Топтардағы көрнекі материалдар мен безендірулер толықтырылып, талапқа сай келтірілсін;

**Әдістемелік кеңес төрайымы**

**Әдістемелік кеңес хатшысы**



Демеуова Ж.

**Хуат С.**



**БАЯНДАМА:** Білім беру процесінде денсаулық сақтау технологиялары жүйесі негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыру

Қазіргі таңда балалар денсаулығын сақтау мен нығайту – мектепке дейінгі мекемелердің басты міндеттерінің бірі. Білім беру процесінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы салауатты өмір салтының негіздері қаланып, бала ағзасының дұрыс дамуына жағдай жасалады.

**1. Денсаулық сақтау технологияларының мәні:**

- Баланың физикалық, психикалық және әлеуметтік саулығын сақтау мен дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдер жиынтығы.
- Олар білім мен тәрбие үрдісіне кіріктіріле отырып, денсаулықты сақтауға қолайлы орта құрады.

**2. Қолданылатын технология түрлері:**

- Сергіту сәттері, тыныс алу жаттығулары;
- Көзге арналған жаттығулар;
- Массаж элементтері бар саусақ ойындары;
- Дене шынықтыру сабақтары мен ашық ауадағы қимылды ойындар;
- Музыкатерапия, арттерапия.

**3. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдары:**

- Балаларды дұрыс тамақтануға, белсенді қозғалысқа, тазалық сақтауға үйрету;
- Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында серіктестік орната отырып, бірізді тәрбие беру;
- Денсаулықты нығайтуға бағытталған күн тәртібін сақтау.



**Тақырыбы:Отанға деген сүйіспеншілік пен отбасы мен қарым-қатынас негізінде баланы тәрбиелеудегі балабақша мен отбасының өзара әрекеті**

Баланың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен отбасылық құндылықтарды қалыптастыру — тәрбие процесінің маңызды бағыттарының бірі. Бұл құндылықтар баланың жеке тұлға болып қалыптасуында үлкен рөл атқарады және оның азаматтық көзқарасының, рухани байлығының негізін қалайды. Бұл бағыттағы тәрбие тек балабақша шеңберінде шектелмей, отбасы мен балабақша арасындағы тығыз байланыс арқылы жүзеге асуы тиіс.

**Бала тәрбиесіндегі Отанға сүйіспеншілік пен отбасы рөлінің ерекшеліктері:**

Отансүйгіштік балаға туған жері, тілі, салт-дәстүрі, ұлттық рәміздер арқылы беріледі;

Отбасында ата-ананың үлгісі арқылы балада туған жерге деген махаббат, отбасына деген жауапкершілік сезімі қалыптасады;

Балабақшада бұл тәрбие тәрбиелік іс-шаралар, әңгімелер, мерекелік шаралар арқылы жүзеге асады;

Балада патриоттық сезімді ояту үшін ең алдымен отбасындағы сүйіспеншілік пен жылы қарым-қатынас маңызды.

**Балабақша мен отбасының өзара байланысының маңызы:**

Тәрбие берудегі жүйелілікті қамтамасыз етеді;

Баланың мінез-құлқын, тәртібін бірізділікпен қалыптастырады;

Бала өзін қауіпсіз әрі сенімді сезінеді;

Құндылықтарды (Отан, отбасы, туыстық байланыс) бір бағытта дарытуға мүмкіндік береді.

**Ұсыныстар:**

**1. Тәрбиелік іс-шараларды бірігіп өткізу:**

«Менің отбасым – менің Отаным» атты апталықтар ұйымдастыру;

Ата-аналармен бірге өткізілетін ашық тәрбие сағаттары, шеберлік сағаттары;

«Отан туралы не білеміз?», «Біз — бір отбасы» тақырыбында балалармен бірлескен шығармашылық жұмыстар, сурет көрмелері, сахналық қойылымдар.

**2. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату:**

Ата-аналарға арналған кеңестер, жиналыстарда патриоттық тәрбие тақырыптарын көтеру;

Отбасы мүшелерін балабақша өміріне тарту (ертегі оқу, дәстүр көрсету, ұлттық тағам дайындау т.б.);

Біріккен отбасылық спорттық және ұлттық ойындар мерекелерін өткізу.

**3. Тәрбиешілер үшін әдістемелік ұсыныстар:**

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай Отан туралы өлеңдер, мақал-мәтелдер, ертегілер қолдану;



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
АСТРАХАН АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ  
МЕМЛЕКЕТІК МЕКЕМЕСІ

ШЫҒЫС № 804  
« 2 » 06 20 25 ж.

## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

### № 5 ХАТТАМАСЫ

Өтілген мерзімі

мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: Әдістемелік кабинет әдіскерлері, мекеме басшыларының оқу, тәрбие, әдістемелік жөніндегі орынбасарлары, балабақша әдіскерлері, әдістемелік бірлестік жетекшілері

Төрайымы: Атишева Құралай Сембековна

Хатшы: Абилгазина Гулзия Куатовна

#### КҮН ТӘРТІБІ:

1. **2024–2025 оқу жылының аяқталу тәртібі туралы**  
Баяндамашы: Әдістемелік кабинет меңгерушісі Атишева Құралай Сембекқызы
2. **Мемлекеттік қорытынды аттестацияны (МҚА) ұйымдастыру және өткізу тәртібі**  
Баяндамашы: Абилгазина Гулзия Куатовна
3. **Жазғы мектеп пен мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысын ұйымдастыру**  
Баяндамашы: Қарасаева Гүлнұр Ораловна
4. **Педагог кадрлардың аттестациясына дайындық барысы**  
Баяндамашы: Амангелді Сағыныш
5. **Жаңартылған жалпы орта білім беру стандарты (ГОСО) бойынша түсіндіру жұмыстары**
6. **Жол картасының жүзеге асырылуы сапасы, нәтижелері**
7. **«Нысаналы мектеп» жобасының қорытындысы туралы ақпарат**  
Баяндамашы: Атишева Құралай Сембекқызы

**ТЫҢДАЛДЫ:** Барлық баяндамашылардың мазмұнды ұсыныстары тыңдалды. Әдістемелік кабинет тарапынан төмендегідей міндеттер нақтыланды:


#### ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. **2024–2025 оқу жылының аяқталуын** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес ұйымдастыру, оқу құжаттарын рәсімдеуде мұқият болу, оқу сапасын қорытындылау бойынша әдістемелік қолдауды жалғастырылсын.
2. **Мемлекеттік қорытынды аттестацияны (МҚА) талапқа сай өткізу үшін** мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері мен ата-аналар арасында нақты үйлесімді жұмыс жүргізілсін. МҚА кестесін, аудиторияны, материалдық-техникалық жабдықталуды алдын ала қамтамасыз етсін.
3. **Жазғы мектеп пен мектеп жанындағы алаңның жұмысын тиімді** жоспарлансын. Оқушылардың бос уақытын мазмұнды өткізуге жағдай жасалсын, сауықтырумен қатар, білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бағытында жұмыстар жоспарлы түрде атқарылсын.
4. **Педагог кадрлардың аттестациясына** байланысты нормативтік құжаттармен танысу, өзін-өзі бағалау парақтарын, портфолио және өзге де құжаттарды сапалы дайындау жұмыстарын мектеп басшылары ұйымдастырсын.
5. **Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес жалпы орта білімнің мемлекеттік стандарты (ГОСО)** негізінде мектеп ұжымдарына түсіндіру жұмыстарын жүйелі




- жүргізісін, жаңа талаптарды оқу-тәрбие үдерісіне кезең-кезеңімен енгізу жолында әдістемелік қолдауды білім бөлімі әдіскерлері ұйымдастырсын.
6. Әр мектеп бойынша жоғарыда аталған бағыттардың жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты, фото және есеп құжаттарын әдістемелік кабинетке белгіленген мерзімде жолдасын.
  7. Тақырыптық жобаларды іске асыру, қосымша ұсыныстар мен бастамаларды әдістемелік кабинетпен үйлестіру арқылы іске асыруды мектеп басшылары қолға алсын, педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін мектеп басшылар, әдіскерлер назарда ұстасын.
  8. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша есептерді мектеп басшылары белгіленген мерзімде сапалы, жүйелі тапсыруды ұйымдастырсын.

Әдістемелік кабинет меңгерушісі



Қ. Атишева

/ Хатшы



Г. Абилгазина